

## ҚазҰУ студенттері – Мәскеуде!

**БӘРЕКЕЛДІ!** 24-26 қантарда Мәскеу мемлекеттік университетінде Студенттер мен жастар ұйымдары көшбасшыларының 6-шы форумы өтті. Бұл форумда Орта Азия елдері жастар ұйымдарының көшбасшылары өзара тәжірибе алмасып, бір-бірінің жұмыс үлгілерімен танысты. Форумда жасалған баяндамаларда студенттік және жастар ұйымдарының арасында кездесетін мәселелер көтеріліп, жан-жақты талқылауға түсті.

«Көрген, білген, түйгенінді іске асыра үйренесің, ал өзгелердің тәжірибесін қолдана, оны шыңдай түсесің», – дейді форум қатысушылары, ҚазҰУ студенттері Ишанғалиева Сәуле мен Меңдіғалиев Қайыржан. ҚазҰУ-дан өкіл ретінде барған бұл екі білімгер 1 курстарынан бастап қоғамдық жұмыстарға қатысу арқылы өздерін белсенді студент ретінде танытып жүр.

Сәуле биология факультетінің 4 курс студенті, Студенттер Сенаты төрағасының орынбасары, сондай-ақ, университетте атқарылып жатқан көптеген тың идеялы жобалардың авторы болып табылады. Қазіргі уақытта студенттік қалашықты «жасыл қалашыққа» айналдыруды мақсат еткен «GREENWAY» экологиялық жобасы Сәуленің тынымсыз ізденістерінің бір бөлігі ғана.

Қайыржан экономика және бизнес жоғарғы мектебінің 4 курс студенті, Болон үдерісі бойынша Студенттік бюро мүшесі, университетіміздің белсенді студенті ретінде өз мамандығын қоғамдық жұмыспен ұштастыра, қазіргі заманға сай жас кәсіпкердің үлгісін көрсете білетін білімгер.

Өз тілшімізден

## ҚазҰУ студенттері – Азида еріктілері!

**ҚОЛДАУ** 2011 жылдың басты жаңалықтарының бірегейі 7-қысқы Азия ойындарының бірінші рет тәуелсіз қазақ жерінде өтуі болып отыр. Еліміздің халықаралық сахнадағы беделіне тағы бір маңыздылық беретін бұл іс-шараны абыроймен өткізу баршамызға сын. Қысқы Азия ойындарына еріктілердің қатысуы аталмыш шараға өзіндік жастық рух сыйлағандай. Өз кезегінде еріктілер қатарына жазылған студенттеріміз үшін спорт ойындары патриоттық сезімнің үлкен тағылымы мен тәжірибесі мол жоғары мектеп болып табылmaq. Замандастарының көшбасшысы болуға әдеттенген әл-Фараби атындағы ҚазҰУ студенттері мұндай маңызды істен тыс қалмайтыны белгілі.

Батыс және шығыс шет тілдерін жетік меңгерген университет студенттері өз ынта-жігерін, күш-қуатын және білімі мен біліктілігін еліміздің абыройының асқақтауына бағыттауы жастардың Отансүйгіштігі мен жоғары әлеуетінен сипат бермек. Осындай маңызды тарихи оқиғада «үлесім болуы керек» деп есептеген ҚазҰУ-дың 300 студенті Азида ойындарындағы барлық қызмет көрсету салаларында еріктілер қатарынан орын таба білді. Барлық қажетті құралдармен қамтамасыз етілген еріктілердің сырт киімдері, байланыс құралдары және қауіпсіздік мәселелеріне дейін ескерілген. Сондай-ақ, Азияданың өз мәресіне жеткен кезінде еріктілерге ұжымда жұмыс істеу қабілеттілігі, төзімділік, үлкен тілдік тәжірибе, керемет естен кетпес естеліктермен



қоса, олардың осы аралықта қызмет еткені туралы куәландыратын халықаралық үлгідегі сертификат тапсырылады.

Жастық жігер мен үлкен ынтаны талап ететін бұл іс-шара жастарымызды патриоттық тәрбиеге баулитыны сөзсіз. Өз Отанының жас патриоттары еліміздің абыройын асқақатуға өз үлестерін қосады деген сенімдеміз!

Өз тілшімізден

## Студенты КазНУ – победители номинаций КРМГ

**УСПЕХ** В этом году Налоговый конкурс состоялся уже в третий раз. Для участия в конкурсе были приглашены студенты 3-4 курсов, а также молодые специалисты с опытом работы в сфере налогообложения, экономики, финансов и права.

Жюри конкурса, состоящее из ведущих специалистов компании КРМГ, оценило работы всех участников в соответствии с заданными критериями. По итогам конкурсного мероприятия, финалистами стали 20 участников, которые продемонстрировали отличные знания в области налогообложения, аналитические способности и стремление к профессиональному развитию. Председатель жюри Жанат Бердалина выявила лучшие работы, определила победителей в отдельных номинациях. В номинации «Most creative approach to problem solution» победила студентка Высшей школы экономики и бизнеса Нургуль Тагайбекова, в номинации «The best team» победила студентка факультета международных отношений Кристина Исакова. Победители номинаций приняты на оплачиваемую стажировку, не проходя стандартные этапы отбора.

Сектор карьеры

Также мы хотели бы сообщить вам, что компания КРМГ запускается новый инновационный проект - Онлайн Образовательная Программа «K-Foundation», рассчитанная на три месяца (15 февраля по 15 мая 2011 г.).

В Программу «K-Foundation» входит:

- введение в МСФО, западный учет и основы казахстанского налогообложения;
- финансовый анализ и корпоративные финансы;
- английский язык для финансиста;
- программа развития личностных навыков (навыки делового письма, навыки проведения презентаций, управление временем, деловой дресс-код и другое).

Для участия в программе студентам достаточно будет зарегистрироваться на сайте [www.KPMG.kz](http://www.KPMG.kz), пройти онлайн-тестирование. После чего КРМГ отберет лучших и вышлет приглашения к участию с паролем доступа в систему. По ее окончании участники смогут получить международный сертификат КРМГ.

Пожалуйста, следите за информацией на нашем сайте, а также на ваших информационных досках.



№1 (1388)  
27 қаңтар  
2011 жыл

Газет 1948 жылдың 20 сәуірінен шыға бастады

# ҚАЗАҚ УНИВЕРСИТЕТІ



ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ РЕСПУБЛИКАҒА ТАРАЙТЫН ГАЗЕТІ

«Келісіп пішкен тон келте болмайды». Бұл қағида ҚазҰУ-да ардагерлер кеңесінің құрылуына мұрындық болды. Ректор Ғалымқайыр Мұтановтың бастамасымен университет тарихында алғаш рет ақсақалдар алқасы өтті.

## ҚазҰУ тарихында тұңғыш рет ақсақалдар кеңесі құрылды

Оған Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, профессор, жазушы, Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген мәдениет қызметкері Әбілфайыз Ыдырысов, филология ғылымдарының докторы, профессор, академик Тұрсынбек Кәкішов, этнограф, археолог, тарих ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстанның еңбек сіңірген жоғары мектеп қызметкері, Ұлы Отан соғысының ардагері Уахит Шәлекенов, қазақтың көрнекті заңгері, қоғам қайраткері, академик Салық Зиманов, белгілі қоғам қайраткері, заңгер Сұлтан Сартаев, химия ғылымдарының докторы, профессор Хабибулла Оспанов бастаған қара шаңырақтың бірнеше ардагері қатысты.

Мұнда тәжірибелі ғалымдар әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетін ұлттық зерттеу университетіне айналдыру жолында атқарылып жатқан іс-жоспарлармен танысып, бұл тұста өздерінің тәжірибелі кеңестерімен бөлісті. Білім ордасы басшысының айтуынша, зерттеу университеті жаңа өнім шығаруға түрткі болумен қатар, ҚазҰУ-ды әлемдік дамыған жоғары оқу орындары рейтингісінің алдыңғы қатарына қоспақ.

(Жалғасы 6-бетте)

## ҚазҰУ – Ұлттық зерттеу университетіне айналады



Ұлттық зерттеу университеті дегеніміз не, оған лайық болу үшін не істеу керек? Осы өзекті сауалға жақында әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде өткен «Зерттеу университетінің білім беру қызметі» атты ғылыми конференцияда шетелдік және отандық ғалымдар жан-жақты жауап іздеді. Қазірде әлемдік топ-университеттер қатарына енуге бірден-бір айқын жол – жоғары оқу орнын ұлттық зерттеу университетіне айналдыру. Осы бағытты ұстанған отандық ғалымдар аталған конференцияда қазақстандық білім және ғылым кеңістігінің әлемдік университеттер рейтингісінен лайықты орын алуы үшін қандай нақты жоспарларды жүзеге асыру қажеттігін ортаға салды.

ҚазҰУ-дың бірінші проректоры Мұхамбетқали Бүркітбаев: «Әлемдегі ең жоғары топ-рейтингтерге енген оқу ордаларының бәрі де зерттеу университеттері болып табылады. Ұлттық зерттеу университетіне айналу өлтек біздің ғана мақсат емес, ол үкіметтің де мақсаты деп айтуға болады. Жақында баспасөз беттерінде ЖОО бағдарламалары жарияланғаны белгілі. Сол бағдарламада зерттеу университетінің түсінігі толық жазылған. Сонымен, біз ҚазҰУ-дың Ұлттық зерттеу университетіне айналу бағдарламасын құрып жатыр-

мыз», – десе, әріптестерімен тәжірибе бөлісе келген Ұлттық зерттеу Томск мемлекеттік университетінің оқу жұмысы жөніндегі проректоры Александр Ревушкин: «Ұлттық зерттеу университеті үнемі талантты студенттермен толығып отыруымен маңызды», – деген ойды алға тартты. Сонымен қатар ол зерттеу университеті атағын алған бір жыл уақыт ішіндегі жаңалықтар мен өзгерістерді атап өтті. Конференцияда сонымен қатар алдыңғы қатарлы шетелдік зерттеу университетінің тәжірибесі, ондағы магистранттарды дайындау, ғылыми жұмыстар,

білім сапасы, оқытудың әдіс-тәсілдері сияқты басқа да тақырып төңірегінде сұрақтар қаралды. Нәтижесінде ғылыми жиынның қатысушылары ҚазҰУ-дың жоғары әлеуеті мен кампусын ескеретін болсақ, бұл білім ордасы Ұлттық зерттеу университетіне айналуға өте нәтижелі болмақ деген пайымға келді. Сондай-ақ, конференция жұмысы қара шаңырақтың материалдық-техникалық жағдайын арттырып, халықаралық байланысты нығайтуға тағы бір жаңа серпін берді.

Саяғұл ӘЛІМБЕКОВА

<p><b>ҚҰРЫЛТАЙШЫ:</b></p> <p>Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің ректораты</p>	<p><b>РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:</b></p> <p>Бас редактор – Жауапты хатшы – Редакторлар – Фототілші –</p> <p><b>Дәрмен СМАЙЫЛ</b> <b>Дариға АМАНГЕЛЬДИЕВА</b> <b>Саяғұл ӘЛІМБЕКОВА,</b> <b>Уәли ҚЫДЫРОВ</b> <b>Алмат МҰХАМЕТЖАНОВ</b></p>	<p><b>МЕКЕН-ЖАЙЫ:</b></p> <p>050040, Алматы, әл-Фараби даңғылы, 71, ректорат, 11-қабат, №1104 бөлме. Байланыс телефондары: 377-33-30, ішкі: 11-94, тікелей: 377-35-20.</p> <p>Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді. "Қазақ университеті" баспаханасында (Әл-Фараби даңғылы, 71) басылды. Тел.: 8 (727) 3-77-33-31 (13-68)</p>	<p><b>Бағасы келісім бойынша.</b> Таралымы – 1000 дана. Көлемі 2 б.т. Индексі 65989. Тапсырыс №61</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>● Жарияланған мақаладағы автор пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді.</li> <li>● Редакцияға түскен қолжазба қайтарылмайды, ұш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданбайды.</li> <li>● "Қазақ университетіне" жарияланған мақала көшіріліп басылса, сілтеме жасалуы міндетті.</li> </ul>
--------------------------------------------------------------------------------------------	------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------	------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------	-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------

Газет Қазақстан Республикасының Ақпарат министрлігінде тіркеліп, № 1242 куәлік берілген.

**БҮГІНГІ САНДА:**

**Жақсы оқысаң, жеңілдікке ие боласың**



2-бет

**БҮГІНГІ САНДА:**

**Куратор-эдвайзер тәжірибесін толықтырған семинар**



3-бет

**БҮГІНГІ САНДА:**

**Халық ағарту ісінің озаты – 85 жаста**



5-бет



## Жақсы оқысаң, жеңілдікке ие боласың

«Үздік университеттің үздік студенті» деген атаққа лайық жастарға қолдау көрсету керек. Осы кезекте әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің басшылығы ақылы бөлімде оқитын озат студенттердің бір жылдық оқу ақысына белгілі жеңілдіктер қарастырды. Бұл мүмкіндікке оқуда жоғары көрсеткішке ие 2-4 курс аралығындағы ізденушілер ие болмақ. Аталмыш ақпаратты 24 күні өткен Ректорат мәжілісінде ҚазҰУ-дың оқу жұмысы жөніндегі проректоры Мұрат Орынханов жария етті.

Проректордың айтуынша, мұндай жеңілдікке ие болу үшін студенттің GPA көрсеткіші 3,67-4,0 балдан кем болмауы тиіс. Сондай-ақ, университет басшылығының ұйғарымымен ақылы оқу бөлімінде білім алып жатқан студенттер жақсы оқу арқылы жеңілдікке ие болмақ. Оқу жылының қорытындысы бойынша GPA көрсеткіші

келесідей сәйкестікке тең келсе, бір жылдық оқу ақысына мынадай пайыздық жеңілдіктер жасалмақ. GPA 4,0 – 25%, GPA 3,67-4,0 – 15%, жетім балалар мен мүгедек студенттерге GPA 3,0-4,0 – 25% жеңілдіктер қарастырылады. Жоғарыдағы талаптарға сай келетін студенттерден сұраныс хат, транскрипт, эдвайзердің мінездемесі, әлеуметтік мекемелерден алынатын тиесілі құжаттар қажет.

**P.S.** Егер студенттің оқу үлгерімі күрт нашарлап, университеттен шығарылып оқуға немқұрайлықпен қарайтын болса, университет ережелеріне қарсы келетін іс-әрекеттерге барған жағдайда студент аталмыш мүмкіндіктен айырылады.

Саягүл ҚАБЫЛБЕКҚЫЗЫ



## Азия кеңістігі бойынша бірегей кафедра

ЮНЕСКО кафедрасы Орта Азия құрлығы бойынша ашылған тұңғыш, әрі жалғыз кафедра. 1996 жылы ЮНЕСКО мен Әл-Фараби атындағы Қазақ мемлекеттік ұлттық университеті арасында журналистика және коммуникация жөніндегі ЮНЕСКО кафедрасын құру туралы Келісімге қол қойылған болатын. Содан бері аталмыш кафедра БАҚ пен халықаралық ынтымақтастық саласында ОРБИКОМ бағдарламасы бойынша жұмыс істейтін ЮНЕСКО-ның құрамдас бөлігі ретінде журналистика мәселелерін зерттеп келеді.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің 24 қантар күні өткен кезекті ректорат мәжілісінде ЮНЕСКО кафедрасының меңгерушісі Ләйлә Сейсенбекова кафедраның атқарған жұмыстарымен таныстырып өтті. Бүгінде аталмыш кафедра әлемнің жетекші университеттерін байланыстырушы желісінің мүшесі (ЮНИТВИН).

ТМД елдерінде ЮНЕСКО кафедрасы Қазақстан мен Ресейде ғана ашылған. ҚазҰУ-да қызмет көрсететін кафедра Азия кеңістігіне жауап берсе, М.В. Ломоносов атындағы ММУ-да ашылған кафедра Еуропа кеңістігіне жауап береді. Кафедраның ұйтық болуымен 21 кітап, 3 деректі фильм жарық көрген, алда тағы қазақ тілінде 15, орыс тілінде 15 деректі фильм дайындау жоспарлануда.

ЮНЕСКО-дағы бағдарламалар журналистика мен байланыс саласын жан-жақты

зерттеп, ілгері дамуына жана мүмкіндіктер ашады. Ақпараттандыру, инновацияландыру, журналистикадағы халықаралық стандарттарды енгізу, ЮНЕСКО және ИСЕСКО жөніндегі ҚР Ұлттық комиссиясының жұмысына қатысу қызметтерін атқарады. Кафедраның күнделікті жаңалықтары [www.unesco-kaznu.ucoz.kz](http://www.unesco-kaznu.ucoz.kz) сайтында жарияланып тұрады. Ақпараттар үш тілде – қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде беріледі. 2010 жылы 14 видеожазба, 1 деректі фильм, 300-дей мақала жарық көрген. Кафедра университет қызметінің ғылыми, қоғамдық және білім саласын дамытуға белсенді қатысып отырады.

Ректоратта тыңдалған баяндамаға жақсы баға берген университет басшылығы кафедра жұмысын қолдай отырып, алдағы уақытта оны жетілдіру жолдарын қарастыруды айтты.

Әлия КӘДІРБЕКҚЫЗЫ

## Білім алушылар контингенті жоғары болса, мықты маман қалыптаспақ

Университетте білім алушылардың контингентін қалыптастыру үшін қабылданатын талапкерлердің сапасына назар аудару қажет. Сонымен қатар, қабылдау комиссиясының жұмысын жандандырып, кәсіби бағдарлау жұмыстарын жетілдіру керек. Академиялық мәселелер жөніндегі департамент директоры Гүлнар Балақаева 24 қаңтардағы Ректорат мәжілісінде осындай ұсыныстармен баяндама оқыды.

Департамент директоры өз баяндамасына білім алушылардың контингентін қалыптастыру үшін мектеп оқушыларымен қарым-қатынасты реттеу, оларды факультеттердің ұйымдастыруымен өтетін конференцияларға шақыру, арнайы дайындық курстарын ашу, шетелдік студенттерге арнап ағылшын тілінде арнайы топтар құру, студентті университетке қабылдар алдында қосымша сынақтардан өткізу сияқты ұсыныстарды арқау етті. Университетте білім алушылардың контингентін қалыптастыру жұмыстары 2010 жылы жоғары көрсеткішке жеткен. Бұл жылы ҚазҰУ-да оқу үшін 3144 талапкер мемлекеттік грантты иеленсе, соның 738-і «Алтын белгі», 320-дан астамы халықаралық олимпиаданың жеңімпазы, 87-сі ҚазҰУ грантының иегері. Және де журналистика факультетінде ұйымдастырылатын «Жас тілшілер форумы» бұл көрсеткіште жоғары үлеске ие екендігін атап өткен Гүлнар Тұлтайқызы алда «Жас турист», «Жас програмист» сияқты талапкерлерге арналған шараларды әр факультетте жүзеге асыру керектігін ұсынды. Департамент директоры Гүлнар Балақаева аталмыш мәселелерді ескере отырып, ҚазҰУ-да Университетке дейінгі дайындық және қабылдау орталығы мен Мансап және бизнес орталығын құруды ұсынды.

Сонымен бірге бұл баяндамада түлектерді жұмысқа орналастыру мәселелері де назардан тыс қалмады. Ол үшін ҚазҰУ-да Жұмыс берушілер кеңесі, бос жұмыс орындар жарымын, британ түлектерінің клубы жұмыс істейді. «Дипломмен ауылға» мемлекеттік бағдарламасы аясында түлектер арасында сауалнамалар жүргізіліп, тренингтер мен шеберлік дәрістер ұйымдастырылады. Сондай-ақ, бітірушілерге 415 компания мен мекемелерде тәжірибелік сынақтан өтуге мүмкіндіктер қарастырылған.

Әлия ДЕМЕСІНОВА

– Студенттер қалашығының директоры бүгінде нақты қандай шаралар ұйымдастырып үлгерді?

– Бостандық ауданының ішкі істер басқармасымен жұмыс жандандырылып, осы органдардың және қалашықтың қызметкерлерімен бірлесе ҚазҰУ қалашығының оқу ғимараттарында құқықтық тәртіпті сақтауға байланысты бірлескен іс-шаралар жүргізілді. Соның негізінде ҚазҰУ-дың салауатты өмір салтын қалыптастыру саясатына байланысты көптеген шаралар жүзеге асырылды.

Бүгінгі таңда факультет декандары мен дирекция арасында тікелей қарым-қатынас орналастырылуда. Факультеттермен бірлесіп, көптеген қайта қарастырылуға тиіс мәселелердің шешімі талқылауда.

– Жатақханадағы Студенттер кеңесімен әріптестік байланыс қандай деңгейде?

– Жатақханадағы Студенттер кеңесінің жетекшілерімен студенттер қалашығы әкімшілігінің арасында жұмыстар жандандырылып, біріккен іс-шаралар ұйым-



## ҚазҰУ қалашығы – студенттік кампус

Жақында ҚазҰУ ректоры Ғалымқайыр Мұтановтың ұйғаруымен Сейітжанов Әбдіқахар Әнуарұлы ҚазҰУ Студенттер қалашығының директоры қызметіне тағайындалған болатын. ҚазҰУ қалашығы студенттердің білім алуы барысында өзінің әсемдігімен, табиғи көркемдігімен ерекше үлес беріп, жастар қалашығына айналып отыр. Осы орайда Студенттер қалашығының дирекциясы қандай жұмыстарды жүзеге асырып үлгерді деген сауалмен Студенттер қалашығының директоры Ә.Сейітжанов мырзамен сұқбаттасқан едік.

дастырылды. Жатақханада тұратын студенттер толықтай жатақханаға кіру рұқсат қағазымен қамтамасыз етілді.

Сондай-ақ, ректордың тікелей тапсырмасымен 1 қаңтардан бастап жатақханалар күнделікті жарық көретін мерзімді басылымдармен қамтамасыз етілуде және олар жатақхананың оқу залдарына қойылып, студенттер игілігіне жарап жатыр. Сонымен бірге жатақханалардағы оқу залдары ҚазҰУ-дың 75 жылдық мерейтойына арнайы шығарылған кітаптармен толықтай қамтамасыз етілді.

– ҚазҰУ қалашығы жатақханалары қамтамасыз етілген БАҚ-ты атап өтсеңіз?

– «Бізге 75 жыл», «Лауреаты государственных премий – Жүзден жүйрік, мыңнан тұлпар», «Университет будущего», «Қазақстанның болашағы – жастар», «Біздің элита» сияқты кітаптар әр студентке өзі білім алып жатқан оқу ордасының тарихын білуге, патриоттық сезімін дамытуға, оқытушы-ұстаздарды құрметтеп, сыйлау сезімін дамытуда таптырмас асыл қазына болып табылады. Олар университеттің тарихын оқи отырып, «ҚазҰУ студентімін» деген атаққа лайық болуға, мақтанышпен жүруге, алдыңғы аға буын қалыптастырып кеткен сара жолға қиянат келтірмеуге тырысады. Ал, «Қазақ әдебиеті», «Алаш

айнасы», «Ана тілі», «Егемен Қазақстан», «Айқын», «Алматы Ақшамы», «Қазақстанская правда», «Литер», «Экспресс К», «Известия», «Вечерний Алматы» сияқты мерзімді басылымдар студенттердің күнделікті қоғам жаңалықтарымен ақпараттанып, газет оқуына мүмкіндік жасайды. Тағы бір айтарлығы, оқу ғимараттарының әр қабаттарына және барлық жатақханаларға ҚазҰУ-дың ішкі ақпараттарымен танысып отыру үшін теледидарлар орнатылды.

– Жатақхана меңгерушілері мен оқу ғимараты коменданттарының компьютерлік сауаттылығын жетілдіруге қандай мүмкіндіктер жасалынған?

– Барлық жатақхана меңгерушілері мен оқу ғимараттарының коменданттары компьютермен қамтамасыз етіліп, студенттер үйіне электрондық жүйе енгізілді. Жатақхана меңгерушілері мен оқу ғимараттары коменданттарының компьютерлік сауаттылығын жетілдіру үшін ҚазҰУ-дың «дербес компьютерлерді қолданушылар курсы» тегін оқуға мүмкіндік жасалған.

– Жатақханалар мен оқу ғимараттарында өрт қауіпсіздігі мен төтенше жағдайға байланысты қандай қауіпсіздік шаралары қарастырылған? – Жатақханаларға және оқу ғима-

раттарына өрт қауіпсіздігі және төтенше жағдайға байланысты қабырға стендтеріне тапсырыс берілді және арнайы белгілер ілінді. Өрт қауіпсіздігі мен төтенше жағдайларға қарсы құрал-жабдықтармен қамтылған.

– Оқу ғимараты және жатақхана жұмысшыларының киім үлгілеріне қаншалықты көңіл бөлінген?

– Оқу ғимараттары және жатақхана жұмысшылары соңғы үлгімен тігілген арнайы жаздық және қыстық киімдермен қамтамасыз етілді.

– Алда тағы қандай іс-шаралар жасалмақ? Қандай жоспарларыңыз бар?

– Біздің негізгі мақсатымыз – студенттердің жан-жақты білім алуына себеп болатын күнделікті қажетті барлық жағдайды қалашықта жасау. ҚазҰУ қалашығында студенттерге қызмет көрсету деңгейін көтеру және студенттердің қажеттіліктерін жан-жақты қамтамасыз ету.

ҚазҰУ қалашығындағы жекеменшікке берілген 2 жатақхана туралы аудандық санитарлық-эпидемиологиялық қызметімен бірлесіп іс-шаралар жасалуда. Сондай-ақ, экологиялық жағдайға байланысты мемлекеттік органдармен бірлесіп жұмыс жасау қолға алынуда. Қалашық территориясының тазалығына көп көңіл бөліп отырмыз.

7-ші қысқы Азиада ойындарына орай, 29-30 қаңтар аралығында жатақханалар арасында ұлдарға шағын футболдан, ал қыздарға волейболдан жарыс ұйымдастырылады.

– Студенттік өмірін жатақхана қабырғасында өткізген үлгілі түлектер қаншалықты ескеріледі?

– Жатақхана өмірі студенттік шақтың нағыз қызығы мен шыжығына толы кезеңі ғой. Бұл студенттердің екінші үйі. Жатақхананың студенттер үшін ыстық болатыны да сондықтан. Жатақхана – студентті білікті маман етіп қалыптастыруда белгілі деңгейге ие. Сол себепті де түлектеріміздің арасында бүгінгі таңда атақты қоғам қайраткерлері, мемлекет қызметкерлері, кәсіпкерлердің тізімі жасалынууда. Алдағы уақытта сол түлектеріміз жайлы жатақханада мақтанш бұрыштамалары дайындалып, сонымен қатар атақты адамдармен кездесулер өткізілмек. Жатақхананың материалдық жағдайын жақсартуға байланысты бюджеттен тыс университет түлектерінің қайырымдылық көмектерін арнайы жолға қойып, арнайы кітапша арнап, соған көмек көрсеткен тұлғалар туралы мағлұматтар жинамақшымыз.

ҚазҰУ-дың арнайы электрондық сайтына ҚазҰУ қалашығы және әр жатақхана туралы мағлұматтар енгізу қарастырылуда.

– ҚазҰУ қалашығын көркейту, безендіру шаралары қалай жүзеге аспақ?

– ҚазҰУ қалашығының келбетін әлемнің ең мықты университеттерінің деңгейіне жеткізуге байланысты ректордың бастамасымен жұмыстар жасалуда.

– Әңгімеңізге рахмет!

Сұқбаттасқан  
Саягүл ӘЛІМБЕКОВА



## ҚазҰУ тарихында тұңғыш рет ақсақалдар кеңесі құрылды

(Басы 1-бетте)

Жаңа бастамада ортаға ой тастаған ақсақалдар білім ордасын ұлттық зерттеу университетіне айналдыру барысында ұлттық мүдде, мемлекеттік тіл, мәдениет, әдебиет мәселелері де назардан тыс қалмау керектігін баса айтты. Осы орайда соғыс ардагері, ғалым Уахит Шәлекенов: «Ғылымның өзі табиғи және гуманитарлы болып бөлінетіндігін ескерсек, біз көп ретте табиғи салаға баса көңіл бөлеміз-дағы гуманитарлы ғылым ақсап қалады. Егер мамандарымыз өзінің ұлты үшін, мемлекетімізді дамыған елу елдің қатарына қосуға ұмтылсын десек осы гуманитарлы ғылымды да дереу қолға алуымыз керек», - деген маңызды пікір айтса, замандасына үн қосқан Тұрсынбек Кәкішев: «Өз ана тілін, тарихын, мәдениетін, әдебиетін білмейтін кадр ел адамы болуы мүмкін емес. Ұлттық зерттеу университетіне айналуды барысында мылқау мамандар дайындаудан қашуымыз керек», - деген мәселені төтесінен қойды. Тәжірибелі ғалымдар тарапынан қойылған аталмыш өзекті мәселелер университет басшысы тарапынан бірден өз шешімін тапты. Әдебиет қоғамның үлкен мәселесі екендігін ескерген академик Ғалымқайыр Мұтанұлы ҚазҰУ-да гуманитарлы сұрақтар бойынша кеңес құрылатынын жеткізіп, алдағы уақытта бұл са-



ланы дамыту үшін білім ордасында Абай ілімі оқытылатындығын айтты. Мұндай тәжірибені өз кезегінде республикамыздың солтүстік және шығыс өңірлерінде басшылық жасаған тұста білім үдерісіне енгізгендігін айтқан ректор Абай ілімін оқыту үшін ҚазҰУ-дың Абай институтында арнайы штат бөлінетіндігін ақсақалдар алқасына баяндап берді. Жоғары оқу орнын Ұлттық зерттеу университетіне айналдыру барысында факультеттерде оқытылатын пәндердің маңыздылығы да ескерусіз қалмау керек дейді ақсақалдар. Осы кезекте қазақ журналистикасының ұлағатты ұстазы Әбілфайыз Ыдырысов «Журналистика факультетінде тарих, әдебиет сияқты пәндер бойынша оқытылатын дәрістерді көбейту керек» екендігін айтты. Сонымен қатар, қарт ұстаз сессия кезінде емтихан алу әдістеріне де өзгерістер енгізу қажет екендігін жеткізді.

Қадау-қадау пікірлерін кесектете ортаға тастаған бірнеше ұрпақ бойына ізгілік нұрын

құйып, маманның адам болып қалыптасуына зиялы еңбек сіңірген ақсақалдар алқасы ҚазҰУ-ды зерттеу университетіне айналдыру үшін жасалынған жоспарларға осындай ой қоса отырып, жаңа бастамаға барынша қолдау көрсететіндіктерін жасырмады.

Жас ұрпақ пен аға буынның арасындағы сабақтастық осылайша ғылымды жалғау көпіріне айналып, жаңа бастама іргелі ғалымдардан қолдау тапты. Кейінгі толқын мен зиялы қауымның бұлайша ой бөлісіп, үндесуі Елбасы айтқан интеллектуалды ұлт қалыптастыруда үлкен үлес екендігі даусыз. Сондай-ақ, тәжірибелі профессорлар авторлық құқық, кітап шығару, кітап тарату, монографиялық еңбектерге үстемеақы төлеу секілді кейбір қордаланған мәселелердің шешімін айтып, ғылымды дамыту жолындағы түйінді тамырларға қан жүгіртуге тырысты.

Саягүл ӘЛИМБЕКОВА

## Озық білімнің алтын дінгегі

КАФЕДРА  
Талай ғұламаларды, ғалымдар мен ақындарды, еліміздің түкпір-түкпіріндегі әртүрлі салаларда қызмет істеп жүрген түрлі мамандық иелерін қанаттандырып ұшырған Қазақстанның білдей бір оқу орнының табалдырығын мен де аттадым.

Осы оқу орнына таяу жердегі мектепте білім алғандықтан бұл оқу орнының қасынан күн сайын өтетінім. Осы бір қалашықтың зәулім ғимараттары көз тартып, арбап, өзіне шақырып тұрғандай болатын. «Алдымда толған мақсат, толған таңдау, Алайын анасын ба, мынасын ба» деп Сұлтанмахмұт ақын айтқандай, «кім болам?» деген сұраққа жауап іздеп жүрген кезерімде қаншама оқу орындарын көз алдымнан өткізіп жүрсем де осы бір зәулім ғимараттары апақ шағаладай болып көз тартып тұратын оқу орны маған өз-өзінен ыстық тартып тұратын. Арманым да, сезімім де алдамапты...

Қасиетті қарашаңырақ – әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті биылғы жылғы түлектерін де құшағын жая қарсы алды. Мектеп қабырғасынан түлеп ұшып, студенттік өмірге аяқ басқан біздер, яғни I курстықтар, шынын айтсақ, университет табалдырығын имене әрі қатты толқу үстінде аттадық. Бірақ бәрі де біз ойлағаннан сәтті басталды. Ұстаздар қауымы біздің осы бір өзмізге таңсық ортаны жатырқамай, еркін араласып кетуімізге ықпал етті. Алғашқы күннен-ақ ақыл-кеңестерін айтып, мейірімділік танытты. Әсіресе, республиканың түкпір-түкпірінен арман қуып, білімнің нағыз шамшырағын іздеп келген жастар бір-бірімізді бұрыннан білетін адамша тез-ақ араласып

кеттік. Осынау білім ордасына тез бауыр басып кетуімізге әсер еткен алғашқы іс-шаралар да болып өтті. Соның ең үлкені – бірінші курстықтардың студенттер қатарына қабылдану мерекесі еді. ҚазҰУ қалашығының баса алаңында өткен бұл мереке ерекше салтанатымен есте қалды. Қалашық іші сол күні айрықша думанға бөленді. Оның өзіндік себебі де жоқ емес. Өйткені биылғы бірінші курсқа қабылданған 5000-нан астам студенттің 3200-і мемлекеттік гранттың, ал 90-ға жуығы ректорлық гранттың және халықаралық олимпиадалар мен байқаулардың жеңімпазы. Мұндай білімнің жоғары деңгейін көрсеткен түлектер еліміздің ұлттық интеллектуалдық мамандар тұрғысынан гүлденуіне жол ашады деп үміт күтіліп отыр. Сондай-ақ биылғы бірінші курстықтар қатарында өнер мен спортта еліміздің айынын асқақтатып үлгерген жастар да көптеп саналады. Студенттік билет пен сынақ кітапшасының және Білім кілтінің символдық белгілерін қабылдап алған жастардың қуанышында шек жоқ. Мереке құрметіне қойылған концерт пен факультетаралық шеру көпшіліктің көңілінен шықты. Кешкі аспанды жап-жарық қылған от-шашулар бірінші курстықтардың алдындағы арманға ұмтылған, мәңгі сөнбес үміттері секілді. Отшашулармен бірге ҚазҰУ қалашығының аспаны артын мөлдір әуенді вальс-тоқындары тербеді. Бұл өздерінің алғашқы университеттік вальсіне тербелген бірінші курстықтардың осы университет қабырғасында өтетін думанды шақтарына бастар жол ма дерсің.

...Мінеки, екінші оқу семестрі де басталды. Біз үшін алғашқы дәрістер, алғашқы

сынақтар мен оқу залдарында кітапқа үңілу мен кітапханаға жол әлдеқашан басталып кеткен. Әсіресе өзін оқитын шығыстану факультетінің студенттері үшін қарбалас ерте басталғандай, өйткені қашан да қай тілді болмасын үйрену, ол тілдің грамматикалық заңдылықтары мен лингвистикалық даму кезеңдерін бес саусақтай білу жеңіл дүние емес. Ол бізден алғырлық пен қажырлы еңбекті талап етеді. Сол талап үдесінен шығуға бар күш-жігерімізді салып жатырмыз.

Шығыстану факультетінде оқитын әрбір жас өздерінің алдындағы үлкен жауапкершілікті жақсы сезінеді деп ойлаймын. Өйткені елімізге белгілі қоғам қайраткерлері, шетел тілінің мамандары, белгілі аудармашылар мен елшілік қызметкерлерінің ұшқан уясында оқу – мұндағы әрбір студент үшін мәртебе болуы тиіс. Еліміздің ең бір мәдениетті де зиялы, білімді буыны осы факультеттен түлеп ұшқанына күмәнім жоқ. Мұндағы ұстаздар да – аса білімді, өз ісінің жетік мамандары. Бүгінгі өркениеттің шарықтаған, Шығыс пен Батыс мемлекеттерімен қарым-қатынас дамыған, Қазақстанды бүкіл дүниежүзі танып отырған заманда көп тіл білетін мамандарға деген қажеттілік арта түспесе, біздің білімнің нәрімен сусынатын жатқан, біз үшін озық білімнің алтын дінгегі саналатын оқу орнының атына кір келтірмей, алғыр білім, үлгілі тәртіп көрсетейік, замандас-тар дегім келеді.

Әсел БИСЕНБАЕВА,  
ҚазҰУ шығыстану факультетінің  
1-курс студенті

ТАРБИЕ – ТАЛБЕСІКТЕН  
Классикалық үлгідегі университеттен Ұлттық зерттеу университетіне айналу барысында тәрбие жұмыстарын да нығырлап, жандандыру керек. Осы орайда білім ордасында маманданып жатқан студенттің тәрбие саласына бірден бір жауапты тұлға – куратор-эдвайзер екендігін ескерген ҚазҰУ-дың Тәрбие жұмысы және тілдерді дамыту жөніндегі департаменті 5-6 қаңтар аралығында философия және саясаттану факультетінде университеттің куратор-эдвайзерларына арнап семинар өткізді.



## КУРАТОР-ЭДВАЙЗЕР тәжірибесін толықтырған семинар

Семинарда Тіл және тәрбие жұмысы жөніндегі проректор Шолпан Ерболқызы Ұлттық зерттеу университеті құрылымындағы тәрбие жұмыстарының үлгісі тақырыбында баяндама жасады. Елбасының қазақстандық бірнеше жоғары оқу орындарының өлемдік топ университеттер қатарына енуіне орай айтқан нақты тапсырмасын жүзеге асыру үшін ұлттық зерттеу университетіне айналу тиімді болмағын назарда ұстаған проректор Шолпан Жаманбаева өз баяндамасын студенттермен тәрбие жұмыстарын жүргізу барысында ескерілетін негізгі талаптарға арнады. «Оқу-тәрбие жұмысының негізгі бағыттары кәсіби-еңбектік тұрғыдан тәрбиелеу, азаматтық-құқықтық және рухани-адамгершілік тұрғыдан тәрбиелеу бағыттары қамту керек», - дей келе, қара шаңырақтың куратор-эдвайзерларын: «Тәрбие жұмыстары студентті тұлға ретінде қалыптастырып, оның әлеуметтік және мәдени әлеуетін арттыруға ықпал ету қажет», - деген ұйғарымға шақырды. Сонымен қатар, тәрбие жұмыстарын жетілдіруді жан-жақты таразылаған баяндамада осы факультеттен түлеп ұшқанына күмәнім жоқ. Мұндағы ұстаздар да – аса білімді, өз ісінің жетік мамандары. Бүгінгі өркениеттің шарықтаған, Шығыс пен Батыс мемлекеттерімен қарым-қатынас дамыған, Қазақстанды бүкіл дүниежүзі танып отырған заманда көп тіл білетін мамандарға деген қажеттілік арта түспесе, біздің білімнің нәрімен сусынатын жатқан, біз үшін озық білімнің алтын дінгегі саналатын оқу орнының атына кір келтірмей, алғыр білім, үлгілі тәртіп көрсетейік, замандас-тар дегім келеді.

өткізілген тренингке келді. Мұнда куратор-эдвайзерлар «Старостаны қалай таңдау керек? Старостаның міндеттері қандай? Старостаға қандай сапалық талаптар қойылады? Қандай студент старосталық міндетке ие бола алмайды?» деген ортақ сауалдарға өзіндік жауап берумен қатар «Өз ойыңыздағы староста бейнесін (үлгісін) жасаңыз» деген сұраққа жауап берді. Бұл кезекте куратор-эдвайзерларға арналған семинарды қызықты ете түсті. Әр оқытушы өз ойын еркін білдірумен қатар, топ басшысын таңдап, сайлау кезінде кездескен тәжірибелерімен бөлісті. Сондай-ақ, көшбасшылық қасиетке ие студенттер бір топқа жиналғанда топ басшысын сайлауда туындайтын қиындықтарды қалай игергендіктері туралы да пікір алмасты. Университеттің 14 факультеті бойынша жиналған куратор-эдвайзерлардың жоғарыдағы сұрақтарға жолдаған сауалдары да алуан түрлі болды. Студент тәрбиешісінің жауаптары бірін-бірі толықтырумен қатар, өзінше дара ой-пікірлермен ерекшеленіп жатты. Осы кезекте халықаралық қатынастар және Қазақстан Республикасының сыртқы саясаты кафедрасының доценті Сейфулла Сапанов: «Бүгінгі топ басшы ертеңгі ел басқаратын көшбасшылар екендігін ұмытпауымыз керек. Сондықтан да староста бойында біріншіден, Отансүйгіштік, патриоттық сезім болуы керек. Одан кейін өзінің пікірін анық жеткізе алатын, көпшіл, адамгершілігі жоғары, үздік студент болу керек», - деген пікірін жеткізді. Ал аймақтану және өлемдік экономика кафедрасының доценті Молдахмет Мырзабеков: «Староста деканаттың өкілі. Староста куратор-эдвайзер мен студенттер арасындағы дәнекер. Сондықтан бұл тұлға алдымен көпшіл, әділетті, кішіпейіл болуы керек. Староста еңбекқор,

тіл табысқыш болуымен бірге топ студенттерінің әлеуметтік жағдайынан хабардар болып отыруы керек», - деген ойын білдірді. Сондай-ақ, семинар сұрақтарына: «староста жауапкершілігі мол, оқуда озат, адамгершілігі жоғары, ұйымдастырушылық қабілеті басым, сонымен бірге ақпаратты дер кезінде жеткізу секілді қасиеттерге ие болу керек», - деген ойлар да өрбіді. Осылайша куратор-эдвайзерлар студенттермен тәрбие жұмыстарын жүргізуде белгілі нәтижеге жету үшін топ старосталарының да үлесі зор екендігін бір ауыздан кесіп айтты. Сондай-ақ, тәрбиеге жете мән беріп, бірлігі жарасқан, үлгілі маман дайындау үшін старосталармен тығыз қарым-қатынасты үзбеді мақұл көрді. Семинар жұмысының кезекті бөлімі қорытындыланғаннан кейін екі күнге созылған игі шараның басты ұйымдастырушысы Тәрбие жұмысы және тілдерді дамыту жөніндегі департаменттің директоры Гүлнәр Сәрсенбекова шығыстану, филология, география, химия және философия және саясаттану факультеті өкілдеріне семинарда ерекше белсенділік танытқандары үшін ризашылығын білдірді. Сондай-ақ, университетте маман дайындап, оқу үдерісі мен тәрбие саласын қатар дамытудағы айқын мақсаттарға жетуге бірге атсалысқан куратор-эдвайзерларға алғысын жеткізіп, екі күнде де белсенді қатысқан оқытушыларға семинардың арнайы сертификатын табыс етті. Бұл сертификат өз кезегінде қатысушыларға арнайы ұпай қосатындығын да ескеріп өткен директор студент тәрбиесіндегі куратор-эдвайзерлардың жұмыстарын жандандырып, дамытып отыру үшін алдағы уақытта мұндай семинар, тренингтер түрлі тақырыптарды қамтып, ұдайы өткізіліп тұратындығын айтты.

Саягүл ҚАБЫЛБЕКҚЫЗЫ





## Научное сотрудничество с французами станет началом новых широкомасштабных научных проектов

Недавно в КазНУ состоялась встреча первого проректора Мухамбеткали Буркибаева с делегацией из Франции во главе с сенатором, специальным представителем Президента Николя Саркози в Казахстане и Центральной Азии Эмери Де Монтеस्कью.

В состав французской делегации также входят: Эрве Лэне, советник сенатора, ответственный за общую координацию проекта технополиса; Робер Просперини, советник сенатора, ответственный за сферу высшего образования; Франсуа Ваше, президент Европейского центра непрерывного образования, готовящего менеджеров высшего звена, и координатор группы французских элитных вузов и научно-исследовательских центров, заинтересованных в различных видах сотрудничества с Казахстаном; Йоан Шиттерер, заместитель советника по вопросам культуры и сотрудничества Посольства Франции в Казахстане; Ноэми Ларуй, атташе по университетскому сотрудничеству Посольства Франции в Казахстане; Жанибек Утегенов, атташе по сельскохозяйственной продукции экономической миссии Посольства Франции в Казахстане.

Главной целью визита является обсуждение вопросов дальнейшего расширения и углубления сотрудничества в сфере техники и технологий. В сфере образования КазНУ и Францию связывают давние и прочные партнерские от-

ношения. По сложившейся доброй традиции в университете часто проводятся презентации образовательных программ, организовываются встречи с представителями образования и науки Франции. Франция является одним из ключевых иностранных партнеров Казахстана в области инноваций и трансферта передовых технологий.

Как известно, в течение 2009-2010 г. при содействии Посольства Франции в Казахстане был создан научно-образовательный Центр «Гео-Энергетика» в области энергетических ресурсов: нефть, уран, нетрадиционные геологические ресурсы и сопровождающие ресурсы редких элементов, покрывающий одновременно проблемы их извлечения и геологии.

Основополагающая цель проекта заключается в подготовке высококвалифицированных специалистов, востребованных как на казахстанском рынке труда, так и на мировом, с привлечением лучших национальных ученых и преподавателей. Следует отметить, что сенатор Эмери Де Монтеस्कью является специалистом в области гео-энергетики и принимает активное участие в реализации данного проекта.

С уверенностью можно сказать, что данный визит даст мощный импульс развитию сотрудничества между нашими сторонами и станет началом новых широкомасштабных научных проектов.

Департамент Международного сотрудничества

## Гавр университетімен қарым-қатынас жемісті болмақ

Биылғы жылдың қаңтарында ҚазҰУ халықаралық қатынастар факультетінің профессор-оқытушылары Франциядағы Гавр университетіне іс-сапармен барып келді. Оларды халықаралық қатынастар және ҚР сыртқы саясаты кафедрасының профессоры Құралай Байзақова бастап барған болатын.

Іс-сапардың басты мақсаты Орталық Азияны шет елге таныстыру, ғылыми баяндамалар жасау, магистратура мен докторантура саласы бойынша Гавр университетінің тәжірибесін пайдалану, аймақтық көші-қон мәселелерін талқылау, оқу құралын шығару үшін материалдарды жинақтау, екі жақты қарым-қатынастарды нығайту болып табылады. Бас қосуда шетелдік студенттерге дәрістер оқылып, Гавр университеті халықаралық қатынастар факультетінің деканы М. Бруно мырзамен ТЕМПУС бағдарламасы аясында байланыс орнату мәселелері талқыланды. Сондай-ақ, екі жақ студенттерді алмастырып оқытып, оқытушы-профессорлармен білім және ғылым саласында тәжірибе алмасуға жана мүмкіндіктер жасау керектігін атап өтті.

Гавр университетінде барлығы 8 мың студент оқиды. Университет құрамында нақты ғылымдар және техника, халықаралық қатынастар, филология және гуманитарлы ғылымдар факультеттері, логистиканы зерттеу институты және инженерия мектебі, технология институты қызмет етеді. Сондай-ақ 10 ғылыми зертхана мен институт бар.

ҚазҰУ-дың Баспасөз қызметі

## Представители Исламского банка «Al Hilal» посетили КазНУ

14 января на факультете Высшей школы экономики и бизнеса КазНУ прошел семинар для преподавателей и студентов университета по вопросам исламского финансирования.

Семинар провел признанный во всем мире специалист в области исламского финансирования, член шариатского Совета ряда исламских банков и небанковских учреждений Королевства Бахрейн, Пакистана, Малайзии, Кувейта и других стран Шейх Эсам М. Исхак, который прибыл в Казахстан по приглашению Агентства Республики Казахстан по регулированию деятельности регионального финансового центра города Алматы. Это его третий визит в Казахстан и второй тренинг, проводимый в КазНУ.

АО «Исламский Банк «Al Hilal» - это первый и единственный коммерческий Исламский банк в Казахстане и на территории СНГ. Банк был зарегистрирован в январе 2010 года и получил банковскую лицензию 17 марта. Банк является 100% дочерней структурой Al Hilal Bank, принадлежащего правительству города Абу Даби. Объединенных Арабских Эмиратов. Миссия банка заключается в продвижении практики исламского банкинга в странах СНГ и содействии национальному росту и процветанию Казахстана.

Представители банка ознакомили всех собравшихся о структуре, создании и деятельности банка, критериях оформления кредита.

В семинаре приняли участие преподаватели и студенты факультета, а также другие специалисты из вузов г. Алматы.

Участники семинара получили полную информацию по всем интересующим вопросам.

Соб. корр.

Құрметті Әдібай Табылдыұлы! Сіз, бүгін үлкен асулардан асып, 85 жасқа толдыңыз. Сіздің есіміңіз аталғанда елең етпейтін ишкірт, сәрі, жоқ, Сіз, ұрпақтың жүрегіне ұстаздық жолмен ізгілік нұрын құйдыңыз. Педагог – бұл адам тәрбиешісі. Өте үлкен жауапкершілік пен жоғары әлеуетке толы адам өмірінің бір ажырамас бөлігі. Осы орайда, құрметті Әдібай Табылдыұлы, сіз мектеп оқушысынан бастап, университет студентіне дейін өмірде тәрбиелі болуына аянбай еңбек етіп келесіз. Біз сізді мерейтойыңызбен шын жүректен құттықтаймыз. Бұл той жеке сіздің ғана емес біздің де, бүкіл халықтың да тойы. Өйткені, Сіз, халықтың адамысыз. Өміріңізді балаларға, қоғамға, білім беру жүйесіне арнадыңыз.



# ХАЛЫҚ АҒАРТУ ІСІНІҢ ОЗАТЫ – 85 ЖАСТА

Қазақстан Республикасына ақын, жазушы, педагог, ғылым ретінде танылдыңыз, оны өмір жолыңыздан анық байқауға болады. Сіз 85 жасқа бір бойыңызға бірнеше асыл қасиеттерді игере жетіп отырсыз. Бұл үлкен бақыт. Еңбек жолыңызды ауыл мектебінде пионерлер жетекшілігінен бастап, одан бергісі оқу ісінің меңгерушісі, мектеп директоры болып қызмет атқардыңыз. Сонымен қатар, қасиетті қарашаңырақ әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде 1980 жылдан бері педагогика, этнопедагогика, оқыту-тәрбиелеу әдістемелері бойынша студенттерге білім беріп, маман даярлауға ауқымды үлес қосудасыз. Сіз, маман даярлап қана қоймай, әл-Фараби бабамыздың «тәрбиесіз берілген білім адамзаттың қас жауы» деген даналығын берік ұстап, кадрларды тәрбиелеп, маман ғана емес, адам болып қанаттануына тер төгіп келесіз. Ұрпақты тәрбиелеп келе жатқан еңбегіңіз өлшеусіз. «Ұстазы жақсының, ұстамы жақсы» демекші, сіздің дәрісіңізді тыңдап өскен жеткіншектен ертеңгі күні үлгілі отбасы, ұлағатты ана, өнегелі әке қалыптасатыны сөзсіз. Сіздің көңілге түйген ғибратты ойларыңыз, ақыл-өсиеттеріңіз, бәйіттер түріндегі нақыл сөздеріңіз, рубаяттарыңыз оқырманды адалдыққа, адамдыққа үндейді.

«Бөлінбе, ей жолдас, бауырлас! Елінде бірлесіп, қауымдас! Байыпта: бірлігің болмаса, Байлық та бақыт боп сауылмас», - деген рубаят жолдары немесе «Арамдық ойлап, сөз қума,

«Бөлінбе, ей жолдас, бауырлас! Елінде бірлесіп, қауымдас! Байыпта: бірлігің болмаса, Байлық та бақыт боп сауылмас», - деген рубаят жолдары немесе «Арамдық ойлап, сөз қума,

Адалды қорлап ез қылма», - деген бәйіт үзіндісінде адалдыққа, бірлікке, адамдыққа деген тәрбие көздері тұнып тұрғаны жасырын емес.

Сіздің авторлығыңызбен бүгінде үлкенді-кішілі 500-ден аса кітап жарық көрді. Олардың арасында 5 оқулық, 4 оқу құралы, 7 монография және мақалалар адам қалыптастырудағы, адам тәрбиелеудегі теңдесі жоқ асыл қазынаға айналып отыр.

Сіз, диссертациялық Кеңес мүшесі ретінде белсенді қызмет еттіңіз. Халқыңыз үшін ел ертеңінің жарық болып, жастар тәрбиесінің түзу болуына еткен еңбегіңіз еш кетпей өз бағасын алуы да, сіздің, нағыз педагог, ғалым, ұстаз екендігіңіздің жемісі. Сіздің еңбектеріңіз республика көлемінде бағаланып «ҚазССР халық ағарту ісінің оза-ты», «СССР халық ағарту ісінің оза-ты» белгілерімен және ҚР білім беру саласындағы Құрметті қызметкері атағымен, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың 75 жылдығына арналған төс белгісімен марапатталдыңыз. Сіз, Ы.Алтынсарин атындағы сыйақының иегерісіз. Сіздің ерен еңбегіңізді бағалап, философия және саясаттану факультетінің жалпы және этникалық педагогика кафедрасының ұжымы 85 жасқа толған мерейтойыңызбен шын жүректен құттықтайды. Сізге зор денсаулық, қажымас қайрат, шығармашылық табыстар тілейміз. Өлмейтін із ғалымның хаты дегендей, Сіз де еңбектеріңіз арқылы өшпес із қалдырдыңыз.

«Ықыласпен бірге, Ынта керек білімге. Болам десең бақытты, Бос өткізбе уақытты, Әр минутты пайдалан», - деп өзіңіз жазғандай, Сіз, әр минутты пайдалы іске арнап, ойды қағазға түсіріп, сөзді сөйлеттіңіз. Сіз бақыттысыз!

Сізге ұзақ ғұмыр, қажымас қайрат, мықты денсаулық тілейміз. Әрқашан ел ықыласына бөленіп, мерейіңіз үстем болсын!

Жалты және этникалық педагогика кафедрасының ұжымы

Белсенділік – қоршаған ортадағы ақиқатты шындық пен өзара қимылдың өлшемі, кез-келген әрекеттің немесе қимыл-қозғалыстың орындалуындағы өнімділік және қарқындылық. Ал, біліктілік – адамның белгілі бір білім жүйесін тәжірибеде пайдалана алу қабілеті. Адамның өзі таңдаған қызметінде өз білімін көтеріп, нені, қалай және не үшін үйренетінін алдын-ала айқындап, білікті маман болуға бағыттау.

## Белсенді оқыту әдістері

Осы орайда 12 қаңтарда философия және саясаттану факультеті әдістемелік бюросының төрайымы Н.А. Саитованың ұйымдастыруымен білімді жетілдіру мақсатында оқытушыларға арналған «Оқытудың белсенді әдістері» тақырыбында шеберлік сынып өткізілді.

Аталмыш шараны жалпы және этникалық педагогика кафедрасының доценттері Н.С. Әлқожаева мен Ұ.Б. Төлешова жүргізді. Қатысушыларға слайдтар арқылы белсенді оқыту әдістері туралы түсініктер мен жіктемелері көрсетілді және жоба әдісі, блокнот әдісі, модельдеу әдістері ұсынылды. Сонымен қатар оларды жүзеге асыру оқытушыларға жүктелді. Ол үшін қатысушылар екі топқа бөлінді, топқа бөлу барысында этнопедагогиканың элементтері қолданылды. «Домбыра» және «Қобыз» топтары өз міндеттерін тиянақты атқарды. Аталмыш топтардың белсенді қатысуымен болашаққа арналған оқу орнының үлгісі жасалып, қорғалды. Бұл шеберлік сыныпта әрбір оқытушылар өзіндік білімділігін, біліктілігі мен іскерлігін ортаға салды. Соңында «өзіңді өзің тани білесің бе?» тесті жүргізіліп, сарапталды.

Өз тілшімізден